**Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару ( жаңарту және броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының**

# ХАТТАМАСЫ

**Астана қаласы** **28.06.2018 ж.**
**Янушкевич көшесі, 2** **сағ.11:00**

**Тендерлік комиссия құрамы:** С.К. Сабырбаева – Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төрағасының орынбасары, тендерлік комиссия төрағасы;

**Комиссия мүшелері:**

Д.Н. Дүйсекенова – ММРК Заң басқармасының басшысы;

М. Ж. Әжіғұлова – ММРК Экономика және қаржы басқармасының басшысы;

М.Н. Рахаев – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының басшысы;

Н.М. Иманбаев – ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы;

А.С. Бекенов – ММРК «Резерв» РМК Бас директоры;

Д.Е. Абуева – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссия хатшысы.

(Қатыспаған: Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы – еңбек демалысында, 2018 жылғы 31 мамырдағы №30-д бұйрығы.)

**Күн тәртібі:**

1. ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының 2018 жылғы 26 маусымдағы шығ. №19-7-19/180вн қызметтік жазбасына сәйкес 2018 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесін (бұдан әрі – Тізбе) жаңа №674-№675 лоттармен толықтыру және жаңа лоттарды қалыптастырумен байланысты Тізбені №323, №330 - №366, №410, №238 - №267 лоттарды алып тастау.

«Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Арал аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ КМК 2018 жылғы 11 сәуірдегі №173 мемлекеттік сатып алу шартын бұзуына байланысты (2018 жылғы 19 маусымдағы №267 косымша шарт) №674 және №675 лоттарды күріш жармасы мен қарақұмық жармасының көлемдерімен, №29 лотты- жоғарғы сұрыпты ұн көлемімен толықтыру.

1. Тендерлік комиссия күн тәртібі бойынша сұрақты қарастырып, нәтижесінде ашық дауыс беру арқылы **ШЕШТІ:**

Жаңа лоттарды қалыптастырумен байланысты №323, №330 - №366, №410, №238 - №267 лоттары Тізбеден алып тасталынсын;

ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының 2018 жылғы 26 маусымдағы шығ. №19-7-19/180вн қызметтік жазбасына сәйкес Тізбе жаңа №674 - №675 лоттармен толықтырылсын.

«Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Арал аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ КМК 2018 жылғы 11 сәуірдегі №173 мемлекеттік сатып алу шартын бұзуына байланысты (2018 жылғы 19 маусымдағы №267 косымша шарт) келесі лоттар толықтырылсын:

№674 лот – күріш жармасы 4500 кг;

№675 лот – қарақұмық жармасы 4667 кг;

№29 лот – жоғарғы сұрыпты бидай ұны 4834 кг.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 6 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

Тендер ұйымдастырушының ғаламтор-қорында (www.kgmr.gov.kz) 2018 жылғы 28 маусымдағы өзгерістерді есепке ала отырып 2018 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығаруға жататын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі жариялансын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2018 жылғы 28 маусымдағы сағат 11.12-де аяқталды деп есептелсін.

Қосымша:

1. 2018 жылғы 28 маусымдағы өзгерістерді есепке ала отырып 2018 жылы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығаруға жататын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі,____парақта;

**Комиссия төрағасы:**

Сабырбаева С. К. ____________________

**Комиссия мүшелері:**

Дүйсекенова Д.Н. ____________________

Әжіғұлова М. Ж. ____________________

Рахаев М.Н. ____________________

Иманбаев Н.М. ____________________

Бекенов А.С. ____________________

**Комиссия хатшысы:**

Абуева Д.Е. ____________________